

**Қарағанды облысының 8-11 сынып оқушылары
арасында АКТ бойынша "Виртуозы за компьютером"
атты сырттай ашық олимпиадасы туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1.1 АКТ бойынша мектеп олимпиадасының негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- ақпараттық технологиялар саласында дарынды, шығармашылықпен ойлайтын оқушыларды анықтау;
- заманауи ақпараттық технологиялар саласында білім алушылардың білім деңгейін арттыру;
- оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын, өз бетінше білім алу қабілеттерін жетілдіру, жаңа техникалық және бағдарламалық құралдарды игеру, өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- АКТ саласында кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ету;
- ICILS компьютерлік және ақпараттық сауаттылықты халықаралық зерттеуге қатысуға оқушыларды дайындау.

2. Байқауға қатысушылар

2.1 Олимпиада Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасында өткізіледі.

3. Конкурстың құрылтайшылары

Қарағанды қаласының № 101 мектеп-лицейі (директоры Казтаев Р. К.)
Modify.kz ЖК (директоры Скалдуцкая О. В.)

4. Олимпиаданы өткізу шарттары, тәртібі

4.1. Олимпиада қашықтықтан (сырттай) түрде өткізіледі.

1 кезең - 2019 жылғы 28-31 қаңтар аралығында-жіберу парақтарын қалыптастыру және тапсырмаларды электрондық пошта арқылы жіберу.

2 кезең-Олимпиада кезеңі 1-10 ақпан аралығында.

3 кезең-10-18 ақпан аралығында қорытынды шығару.

4 кезең-28 ақпанда олимпиада қатысушыларын марапаттау.

- олимпиадаға қатысушылар тапсырмаларды **2019 жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей** электронды түрде мына мекенжайға жібереді: sch01olimp@mail.ru қабылдау мерзімінен кейін ұсынылған тапсырмалар қарастырылмайды.
- материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

4.2. Олимпиада ICILS халықаралық зерттеу форматында келесі тест тапсырмалары бойынша өткізіледі:

Бірінші түрдегі тапсырмалар.

1 тапсырма. Практикалық тапсырма, онда «Кімнен», «Кімге» және «Көшірмелер» бағандарымен бірге келтірілген электрондық хат алушыларды анықтау қажет.

2 тапсырма. Тестіленуші мекенжайы қарапайым мәтінмен берілетін веб-сайтқа өтіп, оған тіркелуге тиіс.

Екінші түрдегі тапсырмалар.

Қатысушы жарнамалық постерлер, флаерлер және бейне-презентациялар жасау арқылы бағдарламалық қосымшаларды пайдалану дағдыларын көрсетуі тиіс.

3 тапсырма. «Менің болашақ мамандығым (архитектура-дизайн / 3D графика/сурет» тақырыбында бейне презентация («Атлас новых профессий» ақпараттық ресурсы әзірлеуші Мәскеу Сколково басқару мектебі)

Ұсынылған жұмыс таңдап алынған тақырыпқа жауап беруі тиіс, жобаның кез келген түрі таңдалуы мүмкін (бейнеролик, бейне презентация, клип). Оқушылардың жұмыстары әртүрлі бейнеқатарларды кесу түрінде, дыбысты ретке келтіру түрінде қабылданады, бұл ретте авторға қол жетімді бейне - және аудио фрагменттерді, слайдтар мен слайдтар элементтерін ауыстыру анимациясының болуын, басқа да әсерлерді пайдалануға жол беріледі.

Шектеулер: жоба іске қосылғаннан кейін автоматты режимде жұмыс істеуі тиіс, жобаның ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс.

4.3. Жұмыстарды ұсыну мен ресімдеуге қойылатын талаптар:

Жұмыстар қысқаша сипаттамасы бар электрондық поштаға (жобаның атауы, қатысушының аты-жөні, сыныбы, жобаны дайындау кезінде пайдаланылған көзі немесе Интернет-ресурстары көрсетілген пайдаланылған ақпараттық материалдардың тізбесі) ұсынылуы тиіс.

4.4. Ұсынылған жұмыстарды бағалау критерийлері:

1 тапсырма.

Электрондық поштамен жұмыс істеудің стандартты тәжірибесін білу (адресаттар мен жіберушінің нұсқауы, «Көшірмелер» бағанын пайдалану)

2 тапсырма.

Навигацияның базалық дағдыларының негіздерін білу және қолдану (URL мекенжай жолына енгізу керектігін біледі ма, сондай-ақ мәтінді дұрыс енгізіп, іздей білу) бұл талаптар құзыреттіліктің екінші деңгейіне жатады.

3 тапсырма. «Менің болашақ мамандығым (архитектура-дизайн / 3Д графика / сурет)» тақырыбында бейне презентация, клип, бейнеролик

- Техникалық талаптарға сәйкестігі
- Ұсынылған тақырыпқа сәйкес нақты сюжеттік сызықтың болуы
- Идеяны іске асыру және ашу толықтығы
- Слайдтар логикалық реттілікпен ұсынылған
- Анимация әсерлерін қысқа қолдану
- Идея түпнұсқалылығы
- Білім беру және мәдени мақсаттарда практикалық пайдалану мүмкіндігі
- Титры (соңғы бекіту кадр)
- Авторлық құқық туралы ақпараттың болуы

5. Олимпиадаға басшылық ету және әдістемелік қамтамасыз ету

5.1. АКТ бойынша олимпиадаға жалпы басшылық пен әдістемелік сүйемелдеуді олимпиаданың ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

5.2. Олимпиадаға дайындық жүргізу мен өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, оның құрамына құрылтайшылар, информатика мұғалімдері, мектеп әкімшілігінің өкілдері кіреді.

5.3. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті:

- олимпиаданы дайындау мен өткізуге басшылық жасайды;
- қазылар алқасының құрамын анықтайды;
- олимпиада қорытындысын талдайды және қорытады;
- қазылар алқасы жұмысының нәтижелері бойынша үздік жұмыстардың авторларын марапаттайды және көтермелейді;
- ұйымдастырушыларға оны өткізу туралы есеп және жетілдіру бойынша ұсыныстар береді.

6. Олимпиада қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тапсырмаларды бағалау критерийлеріне сәйкес балдық жүйе бойынша бағалайды.

6.2. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері ең көп ұпаымен анықталады. Нәтижелер тең болған жағдайда қатысушыларға бірдей орындар беріледі.

6.3. Олимпиада жеңімпаздары дипломдармен марапатталады. Конкурстың құрылтайшысы Modify.kz ЖК үздік олимпиадалық жұмыстар үшін арнайы жүлде тағайындады– Интерьер дизайны курсына (1 модуль) оқыту.

6.4. Олимпиада нәтижелері мен жеңімпаздардың жұмыстары құрылтайшылардың сайттарында және әлеуметтік желілерде жарияланады.